

Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 маусым N 880

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысына және "Ел Президентінің 2000 жылғы 24 қазандағы Қазақстан халқына "Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға" Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 желтоқсандағы N 1826 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.05.02. N 489 қаулысымен .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 27 маусымдағы

N 880 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік мүліктік басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасы

Астана - 2001 жыл

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы

Мемлекеттік мүлікті басқарудың және
жекешелендірудің тиімділігін арттырудың
2001-2002 жылдарға арналған салалық

бағдарламасы

Бағдарламаны
әзірлеуге арналған
негіздеме

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік
мүлікті басқару және жекешелендіру
тұжырымдамасын мақұлдау туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысы

Бағдарламаның
негізгі
әзірлеушілері

Қаржы министрлігі,
Экономика және сауда министрлігі,
Энергетика және минералдық ресурстар
м и н и с т р л і г і ,
Көлік және коммуникациялар министрлігі,
Ауыл шаруашылығы министрлігі,
Білім және ғылым министрлігі,
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
м и н и с т р л і г і ,
Туризм және спорт жөніндегі агенттік,
Табиғи монополияларды реттеу,
бәсекелестікті қорғау және шағын
бизнесті қолдау жөніндегі агенттік,

Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік

Бағдарламаны іске
а с ы р у д ы ң
мерзімдері

2001-2002 жылдар

Бағдарламаны
қаржыландырудың
көздері

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің қаражаты

2. Кіріспе

Экономикадағы жүргізілетін реформалардан туындаған республикадағы экономикалық ахуалды өзгерту мемлекеттік мүлікті басқаруда және оған билік етуде жаңа тәсілдерді әзірлеуді қатаң талап етеді. Сол сияқты мемлекеттік меншіктің бөлігін коммуналдық меншікке беру, министрліктерге, ведомстволарға, агенттіктер мен өзге де мемлекеттік органдарға акциялардың мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану жөніндегі өкілеттіктерді, республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің өкілеттіктерін беру басқарудың әртүрлі

субъектілерінің аталған мемлекеттік меншік объектілерін басқарудың мақсаттарын, міндеттерін және әдістерін нақтылауды талап етеді.

"Қазақстан Республикасында Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын мақұлдау туралы" (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасында мемлекеттік мүлікті басқарудағы және билік етудегі жаңа тәсілдер т о л ы қ к ө р с е т і л г е н .

Осы Бағдарлама 2001 жылдан бастап 2002 жылды қоса алғандағы кезеңді қамтитын Тұжырымдаманың бірінші кезеңін іске асыру мақсатында әзірленген.

Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша:
мемлекеттік меншіктің жекелеген объектілерін басқарудың мақсаттарын анықтау;
мақсаттарға жету тәсілін және оның жүзеге асырылуы үшін жауапкершілікті таңдау ;

мемлекеттік мүлікті тиімді басқару жүйесін орнату.
мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне қарай мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге экономикалық негізделген тәсіл ұйымдастыру іс-шараларының кешенін дайындауды ж ә н е о р ы н д а у д ы б о л ж а й д ы .

Бағдарламада мемлекеттік мүлікке билік ету жөніндегі бірыңғай уәкілетті органды анықтаудың және мемлекеттік басқару органдары мен уәкілетті орган арасындағы осы мүлікті басқару жөніндегі өкілеттіктерді шектеудің қажеттілігіне назар аударылған.

Бұдан басқа, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың қаржылық көрсеткіштерді есепке алу жүйесін жетілдіру көзделген.

3. Мемлекеттік мүлікті басқарудың жай-күйін талдау

3.1. Акциялардың мемлекеттік пакеттері (қатысудың мемлекеттік үлестері)

2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық меншікте - 280 акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер акцияларының пакеттері (қатысу үлестері), коммуналдық меншікте - 760 акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктері акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) болған.

Мемлекет акционердің (қатысушының) құқығын "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік меншік болып табылатын акцияларды (қатысу үлестерін) басқару жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар қаулыларымен р е т т е л г е н .

Осылай, мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында "

Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысымен бекітілген тізімдемеге сәйкес акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысудың мемлекеттік үлестері) коммуналдық меншікке берілген болатын. Сол мақсатта "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысымен акциялардың мемлекеттік пакеттеріне (қатысудың мемлекеттік үлестеріне) иелік және пайдалану құқықтары министрліктерге, ведомстволарға, агенттіктер мен өзге де мемлекеттік органдарға берілген болатын. Сондай-ақ акциялардың мемлекеттік пакеттерін (қатысудың мемлекеттік үлестері) басқару мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да қаулылары қабылданған болатын.

Алайда, қолданылатын шараларға қарамастан акциялардың мемлекеттік пакеттерін (қатысудың мемлекеттік үлестерін) басқару тетігінде кейбір әлсіз жақтары кездеседі:

басқару органдарында және акционерлік қоғамдардың тексеру комиссияларында мемлекет өкілдерін іріктеу, дайындау және қызметін бағалау жүйесі, мемлекеттің мақсаттарына жету тәсілдері, сондай-ақ мемлекет өкілдерінің, олардың қызметін бақылау, олардың өкілеттіктерінің шегін анықтауға негізделген тәсілдері жеткіліксіз
п ы с ы қ т а л ғ а н ;

акционерлік қоғамдар мен мемлекеттің қатысуы бар шаруашылық серіктестіктерде істердің жағдайы туралы ақпаратты алу және қорытындылау тәртібі толық көлемде
а н ы қ т а л м а ғ а н ;

акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді жүйелендіру толық көлемде жүргізілмеген;

акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің мониторингі мен талдау жүйесі жеткілікті деңгейде
п ы с ы қ т а л м а ғ а н .

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін және мемлекеттік үлестерді басқару жөніндегі қызмет нәтижелерінің бірі мемлекеттік бюджетке дивидендтердің түсуі болып табылады. Мемлекеттік бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтердің түсу серпіні, тұтастай алғанда, соңғы бес жылда былайша көрініс табады:

-----				! Мемлекеттік меншік	
б о л ы п		та б ы л а т ы н		а к ц и я л а р д ы ң	
		!		п а к е т т е р і н е д и в и д е н д т е р д і ң т ү с у і , м ы ң т е ң г е	
Жылдары		!		-----	
!		Барлығы		!	
!				!	
		Республикалық		!	
		б ю д ж е т		!	
				б ю д ж е т т е р	

1996	679 703	679 205	498
1997	802 131	802 131	-
1998	1 039 563	1 039 563	-
1999	1 612 322	1 536 462	75 860
2000	1 251 892	1 169 485	82 407

Келтірілген деректерден көргеніміздей, 2000 жылы республикалық бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтердің түсуі өткен жылмен салыстырғанда төмендетілді. Сонымен қатар, 1999 жылғы нәтижелер бойынша таза табыс алған акционерлік қоғамдар 3 924 576 мың теңге мөлшерінде акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер аударған 2000 жылы республикалық бюджетке іс жүзінде 1 169 485 мың теңге аударылды, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, аударылған дивидендтердің қалған сомасы 2001 жылы республикалық бюджеттің кірісіне аударылатын болады.

3.2. Мемлекеттік кәсіпорындар

Мемлекеттік кәсіпорындарды басқару жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 19 мамырдағы N 2335 заң күші бар Жарлығының нормаларымен реттеледі. Осы Жарлыққа сәйкес министрліктер, ведомстволар, агенттіктер мен осыған уәкілетті өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын органдар және басқару органдары болып табылады.

Мемлекеттік бюджетке таза табыс бөлігінің түсу серпіні соңғы төрт жылда былайша көрініс табады:

! Мемлекеттік бюджетке мемлекеттік кәсіпорындардың
! таза табыс бөлігінің түсуі, мың теңге
Жылдары !-----
! Барлығы ! Республикалық ! Жергілікті
! ! бюджет ! бюджеттер

1997	328 801	179 414	149 387
1998	113 737	95 257	18 480
1999	34 084	34 084	-
2000	67 775	55 098	12 677

Келтірілген деректерден көргеніміздей, бұл бір жағынан, мемлекеттік кәсіпорындар санының кейбір қысқартылуына байланысты, өткен жылдармен салыстырғанда

мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс бөлігінің түсуі соңғы екі жылда төмендеді.

2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жалпы саны 517 кәсіпорынды, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағысы - 182 кәсіпорынды, жедел басқару құқығындағысы - 335 кәсіпорынды құрады. Осы күнге коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жалпы саны 4 625 кәсіпорынды, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағысы - 792 кәсіпорынды, жедел басқару құқығындағысы - 3 833 кәсіпорынды құрады.

1999 жылдың қорытындылары бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша 97 кәсіпорын 4 285 409 мың теңге сомасында таза табыс алды, алынған бұл ретте республикалық бюджеттің кірісіне 55 098 мың теңге аударылған, алынған таза табыс сомасының 1,3%-ын құрайды 79 кәсіпорын 9 220 438 мың теңге сомасында шығын жіберді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудың қолданылатын жүйесі жеткілікті түрде тиімді емес және маңызды реформалауды талап етеді; мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетке түсетін таза табысының бөлігі алынған таза табыстың жалпы сомасына баламалы емес.

3.3. Негізгі проблемалар

Қолданылып нормативтік құқықтық база мемлекеттік мүлікті оңтайлы басқару талаптарына толық көлемде жауап бермейді, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқарудың әр түрлі субъектілерінің өкілеттіктерін жеткілікті көрсетпейді;

басқару органдарында және мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың тексеру комиссияларында мемлекеттің өкілдерін іріктеу, дайындау және аттестациялау жүйесі жеткілікті пысықталмаған, сондай-ақ мемлекеттің өкілі басшылыққа алуы мүмкін басқарушылық шешімдер қабылдаудың регламенті жоқ;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, мемлекеттің үлестік қатысуы бар шаруашылық серіктестіктердің тізілімінде қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты көрсету тетігі толық көлемде пысықталмаған;

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс бөлігінің мөлшерлерін және акционерлік қоғамдардың бюджетке аударуға жататын акцияларының мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтерді анықтау жөніндегі ө л ш е м д е р ж о қ ;

нормативтік құқықтық кесімдер мемлекеттің экономикасында стратегиялық маңызы бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі туралы қажетті және дұрыс ақпаратты толық көлемде алу мүмкіндігін бермейді.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Тұжырымдамаға сәйкес мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы мемлекеттік саясат мынадай мақсаттарға жетуге бағдарлануы тиіс:

мемлекеттік мүлікті пайдаланудан түсетін салықтық емес түсімдер есебінен республикалық және жергілікті бюджеттердің кірісін арттыру;

белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындардың қызметін реттеу жөніндегі мемлекеттік экономикалық саясат мүдделерін және мемлекеттің стратегиялық міндеттерін шешуін ескере отырып, мемлекеттік мүліктің құрылымын (құрамын) оңтандыру;

экономикаға инвестицияларды тарту құралы ретінде мемлекеттік мүлікті пайдалану;

шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында мемлекеттік мүлікті пайдаланатын заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттің қатысу үлесі бар заңды тұлғалар қызметінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту.

Қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешудің бірінші дәрежелі маңызы бар:

өкілеттіктерді шектеу және нақтылау, сондай-ақ мемлекеттік меншік объектілерін басқару субъектілерін жауапкершілігін күшейту;

мемлекеттік мүлікті оның түрлері, тағайындалуы және басқа да өлшемдері бойынша есепке алуды жүйелендіру;

қаржылық көрсеткіштерді талдау жүйесін әзірлеу;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғалар қызметтері қаржылық көрсеткіштерінің дерекқорын құру;

жекешелендірілген және мемлекеттік шаруашылық жүргізуші субъектілерді тиімділігін басқарудың дұрыс кешенді талдау үшін тәуелсіз консалтингтік ұйымдарды тартудың тәжірибесін кеңейту.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

5.1. Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың нормативтік құқықтық негізін жетілдіру

5.1.1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдірудің негізгі бағыттары

Көрсетілген проблемаларды шешу үшін атқарушы, өкіметтің республикалық және жергілікті органдары заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай бағыттар бойынша нормативтік базаны жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажет:

"мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган" (бұдан әрі - "уәкілетті орган") және "мемлекеттік басқару органы" ұғымдарын, сондай-ақ осы органдардың өкілеттіктерін шектеу бөлігінде заңнамалық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

мемлекеттік мүлікті басқару және билік ету мәселелерін реттейтін нормативтік

құқықтарды кесімдердің енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, заңнаманың талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу;
мемлекеттік мүлікті басқару рәсімдерінің құқықтық регламенттелуін жетілдіру;
мемлекеттің меншіктенуші ретінде де және заңды тұлғаның акционері (қатысушы) ретінде де құқығын тіркеуді ұйымдастыру;
мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мүліктің сақталуына және тиімді басқарылуына пәрменді бақылауды қамтамасыз ету;
жекешелендірілген және мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындарды тиімді басқару мониторингін қамтамасыз ету.

5.1.2. Мемлекеттік меншік объектілерін басқару субъектілерінің өкілеттіктерін шектеу және нақтылау

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімді тетігін құру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік мүлікті басқару және билік ету саласындағы уәкілетті орган мен мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктерін шектеу және нақтылау бөлігінде заңнамалық кесімдерге өзгерістер мен толықтыруларға ынтагерлік білдіреді.

Өкілеттіктерді шектеу мен, нақтылаудың мынадай мақсаттары болуы тиіс:
мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдар (шаруашылық серіктестіктер) қызметінің тиімділігін арттыру;
осы шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірісі мен әлеуметтік саласын дамытудың негізді бағдарламаларын іске асыруды ескере отырып, мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктер акцияларының мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтердің және таза табысының бөлігі есебінен мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді арттыру;

мемлекеттік мүлікті басқару процесінде уәкілетті орган мен мемлекеттік басқару органдарының (министрліктердің, ведомстволардың, агенттіктер мен осыған уәкілетті өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың) өзара іс-қимылын үйлестіру;

"жасырын жекешелендіруді", сондай-ақ мемлекеттің мүддесіне қайшы келетін кәсіпорындарды санкцияланбаған қайта ұйымдастыруды болдырмау;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың банкроттығын жүргізу туралы шешім қабылдау кезінде уәкілетті орган мен мемлекеттік басқару органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Өкілеттіктерді шектеу мен нақтылау уәкілетті органға мемлекеттік мүлікті басқару және билік ету жөніндегі мынадай функцияларды беруді білдіреді:

министрліктермен, ведомстволармен, агенттіктер және өзге де мемлекеттік органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған өкілеттіктер шеңберінде мемлекеттік мүлікке билік ету жөніндегі шешімдерді заңнамаға сәйкес қабылдау;

министрліктермен, ведомстволармен, агенттіктер және өзге де мемлекеттік

органдармен келісім бойынша заңды және жеке тұлғаларға мемлекеттік мүлікті сатуға және пайдалануға беруді (сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау және басқалар) ұйымдастыру және жүзеге асыру;

мемлекеттік мүліктің жүйелендірілген есебін жүргізу;

мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларды басқару органдарының қызметіне қатысу;

мемлекеттік мүліктің мониторингі мен жай-күйін талдау және оны пайдаланудың тиімділігі;

сатып алу-сату шарттары мен заңды және жеке тұлғаларға мемлекеттік мүлікті пайдалануға (сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау және басқалар) беру жөніндегі шарттардың ережелерін сатып алушылардың орындауын бақылау;

шаруашылық жүргізуші субъектілерді консалтингтік фирмалардың кешенді мерзімді тексерулері жолымен басқарудың мониторингі және тиімділігін талдау;

мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және билік ету саласында меңгеру саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен анықталған өзге де функцияларды іске асыру.

Салалық ерекшеліктерді ескере отырып мемлекеттік мүлікті ағымдағы басқаруды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар аудан (қала) әкімінің (бұдан әрі - әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі) шешімі бойынша мемлекеттік басқару органдарына мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі өкілеттіктерді бере алады.

Мемлекеттік басқару органдарына мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мынадай функциялар жүктеледі:

мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын анықтау;

мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылық қызметінің ағымдағы және перспективалық жоспарларын, оның ішінде қаржы-шаруашылық қызметтің мерзімділігі мен оларды ұсыну тәртібінің жоспарлы көрсеткіштерін қарау және бекіту;

қаржы-шаруашылық қызметтің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын, мемлекеттік кәсіпорындар мүлкінің тағайындалуы бойынша пайдаланылуын және сақталуын бақылау;

мемлекеттік кәсіпорын қызметінің жекелеген мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындардың бірінші басшыларын конкурстық іріктеуді және аттестациялауды жүргізу;

акциялары мен қатысу үлестері Қазақстан Республикасының Үкіметі (әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі) анықтаған өкілеттіктер шегінде мемлекеттік меншік болып табылатын заңды тұлғалардың басқару органдарына қатысу;

мемлекеттік мүлікті басқару және билік ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен анықталған өзге де өкілеттіктерді іске асыру.

5.1.3. Мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың басқару органдарындағы мемлекет өкілдерінің, компания басқарушыларының және мемлекеттік кәсіпорын басшыларының қызметін тағайындау (іріктеу) және бағалау тәртібі

Мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғалардың басқару органдарындағы мемлекет өкілдері (директорлар кеңесі, тексеру комиссиялары).

Мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың басқару органдарына мемлекеттік қызметкерлерді өкіл етіп тағайындау осындай тағайындаудың объективті қажеттілігі болған кезде жүзеге асыру ұсынылады (экономиканың стратегиялық салаларындағы кәсіпорындар, акциялардың 100%-ы не акциялардың бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ж ә н е т . б .) .

Ол үшін басқару органдарында және бақылау органдарында мемлекет өкілдерінің қатысуы міндетті мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларды іріктеу өлшемдерін а н ы қ т а у қ а ж е т .

Қазақстан Республикасының Үкіметі акционерлік қоғамдардың басқару органдарында мемлекеттік қызметшілер қызметінің нәтижелері жөніндегі бағалау және жауапкершілік тәртібін көздейтін, акционерлік қоғамдардың (директорлар кеңестердің, тексеру комиссиялардың) басқару органдарында мемлекеттік қызметшілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесім бекітілетін болады.

С е н і м д і б а с қ а р у ш ы л а р

Басқару органдарында мемлекет өкілдерінің қатысуы міндетті акционерлік қоғамдардың тізбесіне енбеген мемлекеттік қатысуы бар акционерлік қоғамдар бойынша басқару саласында тиісті қызмет тәжірибесі бар жеке және заңды тұлғаларды сенімді басқарушылар ретінде тартудың басымдылық қағидатын қолдану ұсынылады.

Сенімді басқарушыларды іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі бұл ретте басқаруға беру шарттарында сенімді басқарушылардың өкілеттіктерін және келісуге жататын шешімдерді қабылдау кезінде уәкілеттік органмен өзара іс-қимыл тәртібін көздеу қажет.

Мемлекеттік кәсіпорындардың басшылары

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын іріктеу және тағайындау жөніндегі конкурстарды жүргізудің тәртібі мен ережесін, мерзімді аттестациялауды өткізу тәртібін бекітеді, сондай-ақ олардың қаржылық жай-күйі үшін жауапкершілік шаралары және жасасқан келісім-шарттарда мемлекеттік кәсіпорындар қызметтерінің нәтижелері анықталады.

5.2. Мемлекеттік мүлікті есепке алу

5.2.1. Негізгі проблемалар

Министрліктердің, ведомстволардың және Қазақстан Республикасының басқа да ұйымдарының қатысуымен Қазақстан Республикасының Президентінде болған жиналыста қабылданған 1997 жылғы 19 маусымдағы шешімді, сондай-ақ "Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 қаулысын орындау үшін қазіргі уақытта Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, мемлекеттің үлестік қатысуы бар шаруашылық серіктестіктердің тізілімін енгізу жүзеге асырылуда.

Тізілім мемлекеттік кәсіпорындар және жарғылық капиталында мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы ақпаратты қамтитын дерекқор базасы болып т а б ы л а д ы .

Тізілімдегі мемлекеттік мүлікті есепке алудың проблемалары:

Тізілімде мемлекеттік мүлікті есепке алудың дұрыстығы мен нақтылығы үшін республикалық және коммуналдық мемлекеттік басқару органдарының және өзге де ұйымдардың жауапкершілігі анықталмаған;

республикалық және коммуналдық меншіктегі мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай әдісі жоқ.

5.2.2. Мемлекеттік мүлікті есепке алудың мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік мүлікті есепке алудың мақсаты мемлекеттік мүліктің мониторингі және оның жай-күйін бақылау және мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны пайдалану жөнінде негізді шешімдер қабылдау үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Республикалық және коммуналдық меншіктің мемлекеттік мүлкін есепке алудың нәтижелері Тізілімде көрініс табуы тиіс.

Тізілім өзіне мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларға бекітілген мемлекеттік мүліктің құрамын, орналастырылуы мен пайдаланылуын құндық тұлғада сипаттайтын мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке арналған меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қамтуы тиіс .

Қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

мемлекеттік мүлік туралы ақпаратты ақпараттандыруға мүмкіндік беретін Тізілімнің құрылымын оңтайландыру, оның пайдаланылу қозғалысын және тиімділігін б а қ ы л а у ;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде міндетті түрде ақпарат беруінің құқықтық регламентін әзірлеу;

оған сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар заңды

тұлғалар Тізілімде көрсету үшін ақпаратты беретін нысандарды әзірлеу;
мемлекеттік мүліктің жай-күйіне және оның пайдаланылу тиімділігіне талдау жүргізу жөніндегі ережені әзірлеу.

5.2.3. Есепке алу объектілері

Есепке алу объектісі болып табылатын мемлекеттік мүлік Тұжырымдаманы іске асырудың бірінші сатысында:
мүліктік кешендер ретінде мемлекеттік кәсіпорындарды;
акциялардың мемлекеттік пакеттерін және қатысудың мемлекеттік үлестерін білдіреді.

Тізілімде активтердің, меншікті капиталдың, міндеттемелердің, кірістердің құны және есепке алу объектілерінің қаржылық жай-күйін сипаттайтын басқа да көрсеткіштер көрсетілетін болады.

5.2.4. Мемлекеттік мүлікті түгендеу

Тізілімді мемлекеттік мүлік туралы ақпаратпен толықтыру алдында мемлекеттік мүлікке түгендеу жүргізілуі тиіс.

Түгендеудің мақсаты - мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мүліктің, акциялардың мемлекеттік пакеттерінің, қатысудың мемлекеттік үлестерінің іс жүзінде болуын анықтау, есепке алынбаған және бекітілмеген мемлекеттік мүлікті анықтау және қолданылып жүрген заңнамада көзделген тәртіппен оларды заңды тұлғаларға одан әрі бекіту болуы тиіс.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мүлікке, сондай-ақ акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне түгендеу жүргізуді ұйымдастыру және бақылау мемлекеттік басқару органдарының функцияларын жүзеге асыратын министрліктерге, ведомстволарға, агенттіктер мен өзге де мемлекеттік органдарға жүктелуі тиіс.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мүлікке, сондай-ақ коммуналдық меншікке берілген акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне түгендеу жүргізуді ұйымдастыру және бақылау мемлекеттік басқару органдарының функцияларын жүзеге асыратын жергілікті басқару органдарына жүктелуі тиіс.

5.2.5. Мемлекеттік мүлікке арналған меншік құқығын рәсімдеу

Мемлекеттік мүлікке қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын бірыңғай уәкілетті органды анықтау туралы тұжырымдаманың ережелерін іске асыру мақсатында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мемлекеттік меншік объектілеріне арналған меншік құқығын уәкілетті органға тіркеу жөнінде шаралар қабылдануы тиіс.

5.2.6. Мемлекеттік мүлікті есепке алу объектілерін жүйелендіру

Есепке алу объектілерін басқару әдістерін анықтау мақсатында оларды басқару ерекшелігін анықтайтын өлшемдер бойынша жүйелендіру қажет.

Мемлекеттік кәсіпорындар

Тізілімде ескерілген мемлекеттік кәсіпорындар жарғылық қызметінің Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығының талаптарына сәйкестігі тексерілуі тиіс. Қызметі аталған Жарлықтың талаптарына сәйкес келмейтін кәсіпорындарға қатысты оларға жүктелген міндеттерге қарай оларды басқа ұйымдық-құқықтық нысандардың заңды тұлғалары етіп қайта ұйымдастыруды жүргізу не оларды таратуды жүргізу қажет.

Одан әрі мемлекеттік кәсіпорындарды мынадай белгілері:

ұйымдық - құқықтық нысаны;

салалық тиесілілігі;

жарғылық қызметінің негізгі түрі;

жұмыс істейтіндердің саны;

қаржылық жағдайы (кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелерінің көлемі, меншікті капиталы және с.с.) бойынша жіктеу қажет.

Жүргізілген жіктеменің нәтижесінде анықталған кәсіпорындардың әрбір тобы бойынша мемлекеттік басқару органдары қызметті басқарудың мақсаттарын, қажет мүліктің құрамын, сондай-ақ қаржылық қарым-қатынастардың және олардың шаруашылық қызметін бақылаудың тәртібін анықтауы қажет.

Акциялардың мемлекеттік пакеттері және қатысудың мемлекеттік үлестері

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін және қатысудың мемлекеттік үлестерін жіктеу мынадай белгілері бойынша:

акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестіктің) салалық тиесілілігі;

жарғылық қызметінің негізгі түрі;

акциялардың мемлекеттік пакетінің (қатысудың мемлекеттік үлестерінің) мөлшері;

жұмыс істейтіндердің саны;

қаржылық жағдайы (кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелерінің көлемі, меншікті капиталы және с.с.) бойынша жүргізілуі тиіс.

Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен қатысудың мемлекеттік үлестерінің әрбір тобы бойынша уәкілетті орган және мемлекеттік басқару органдары үшін акциялардың мемлекеттік пакеттерін (қатысудың мемлекеттік үлестерін) басқарудың мақсаттары анықталуы тиіс.

5.2.7. Мемлекеттік мүлікті есепке алуды ұйымдастыру

Республикалық меншіктің мемлекеттік мүлкін есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру уәкілетті органға жүктелген.

Коммуналдық меншіктің мемлекеттік мүлкін есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері анықтаған уәкілетті органдарға жүктелген.

Республикалық және коммуналдық меншіктің мүлкін есепке алу Қазақстан

Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекеттік мүлікті есепке алу, бақылау және талдау көрсеткіштерінің бірыңғай жүйесі, деректерді жаңартудың ережелері мен рәсімдері, қатынау, шынайы емес ақпаратты бергені үшін жауаптылық шарасы әзірленуі тиіс.

5.3. Жекешелендірудің айқындылығын қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру

2001-2002 жылдары жекешелендіру саласында шешілуі қажет негізгі міндеттер: мемлекеттік меншік объектілерінің ең көп санын жекешелендіру жолымен бәсекелі о р т а ғ а а у ы с т ы р у ;

мемлекеттік мүлікті инвестициялық және/немесе әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алуға және орындауға дайын инвесторларға сату жолымен экономикаға (нақты секторға) инвестициялар тарту;

мемлекеттік мүлікті сатып алушылардың келісім-шарттық міндеттемелерді орындауын бақылауды қамтамасыз ету;

сатып алушы мен сатып алу-сату келісім-шарттары міндеттемелерінің орындалуын бақылау жөніндегі ведомствоаралық комиссия өзара келіскен кезде жасалған сатып алу-сату келісім-шарттарының жекелеген ережелерін нақтылау, түзету жөніндегі қосымша келісімдерді дайындауды, келісуді және оларға қол қойылуын қамтамасыз ету б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясат мынадай қағидаттар негізінде қ ұ р ы л а т ы н б о л а т ы н .

Біріншіден, мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне қарай мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге деген сараланған тәсіл.

Жоғары өтімді кәсіпорындарды әлемдік деңгейге барынша жақындатылған олардың нақты бағасын ескере отырып, кәсіпорындарды дамытуға бағытталған инвестициялардың мөлшері мен мемлекеттік бюджетке кәсіпорынды сатудан түсетін қаражаттың мөлшері арасындағы теңгерімнің сақталуын ескере отырып жекешелендіру ұ с ы н ы л а д ы .

Акциялардың жоғары өтімді мемлекеттік пакеттерін рыноктың қолайлы рынок конъюнктурасы кезінде республикалық бюджетке ақша қаражатының елеулі түсуін алу үшін әлемдік тәжірибесі бар қаржылық консультанттарды тарта отырып, ж е к е ш е л е н д і р у ұ с ы н ы л а д ы .

Төмен өтімді кәсіпорындарды, акциялардың мемлекеттік пакеттерін жекешелендіруді меншіктенушінің инвестициялар, экологиялық ахуалды жақсарту, қосымша жұмыс орындарын құру, әлеуметтік проблемаларды шешу және с.с. жөніндегі міндеттемелерді қабылдау шартымен оңтайлы баға бойынша сату жолымен жүзеге а с ы р у ұ с ы н ы л а д ы .

Мемлекеттік меншікте болуы оларды оңтайландыру нәтижесінде орынсыз деп танылған мемлекеттік кәсіпорындардың (мекемелердің) мүлкін және мүліктік

кешендерін жекешелендіру жалғасатын болады. Бұл ретте мемлекеттік кәсіпорындардың олардың теңгерімдеріндегі мүлікті сату тәртібін қосымша реттеме еудің қажеті бар.

Екіншіден, кәсіпорындардың ұзақ мерзімді даму жоспарларын әлеуетті инвесторлар ұсынған мұқият талдаудың негізінде шешімдер қабылдау және инвесторлардың міндеттемелерін толық көрсететін және олардың атқарылуын бақылау тәртібін егжей-тегжейлі реттейтін сатып алу-сату шарттарын жасасу.

Үшіншіден, мемлекеттік мүдделерге сөзсіз сәйкес болған кезде әлеуетті инвесторлардың мүдделерін есепке алу.

Төртіншіден, әлемдік жекешелендіру тәжірибесін, оның ішінде кәсіпорындарды сату алдындағы дайындау бойынша, міндетті түрде есепке алу.

Бесіншіден, менеджмент, заң және қаржы мәселелері жөніндегі аудиторларды, бағалаушыларды, консультанттарды тарту.

Жекешелендіру қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада салық салынатын базаны кеңейту нысанында жекешелендіруден, қосымша жұмыс орындарын құрудан, отандық рынокты отандық тауар өндірушілердің тауарларымен және қызметтерімен толтырудан, барлық халықшаруашылық кешеннің жұмыс істеу тиімділігін арттырудан қайтарым алуға бағытталған мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясат ретінде қарастырылатын болады.

5.4. Жекешелендіруден кейінгі бақылауды қамтамасыз ету

Жекешелендіруден кейінгі бақылау саласында негізгі міндеттер:

мемлекеттің мүдделерін сақтай отырып, жекешелендірілген шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін қолайлы ортаны құру;

өздеріне алған міндеттемелерін меншіктенушілердің орындауын бақылау, сатып алу - сату шарттарын аяқтау;

консалтингтік ұйымдардың кешенді зерттеулері жолымен жекешелендірілген кәсіпорындардың қызметі туралы объективті ақпарат алу проблемалар мен келеңсіз жағдайларды анықтау;

инвесторлармен диалогты негізді түрде жүргізу, туындайтын проблемалардың өзара қолайлы шешімдерін табу;

тартымды инвестициялық климатты құру мақсатында құқықтық жиекті жетілдіру; жекешелендірілген кәсіпорындардың қызметін, экономиканың базалық салаларын көрсететін ақпараттық дерекқор құру болып табылады.

6. Қажет ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламада көзделген және министрліктердің, ведомстволардың, агенттіктер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының тікелей функцияларына жатқызылған іс-шараларды іске асыру жөніндегі шығыстар осы органдарды

республикалық және жергілікті бюджеттерден ағымдағы қаржыландыру есебінен
ж а б ы л у ы т и і с .

Республикалық меншіктің мемлекеттік мүлкін есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру: 2001 жылы - 75 млн. теңгені, 2002 жылы - 104 млн. теңгені құрайды (болжамды деректер). Қаржыландыру көзі -
р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т .

Республикалық мемлекеттік меншік объектілерін сату алдындағы дайындау, мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін бағалау және жекешелендіруден кейінгі бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру жыл сайын "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленетін лимиттер шегінде республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 36 "Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, басқару және мемлекеттің жекешелендіруден кейінгі қызметі" бағдарламасы шеңберінде көрсетілген жұмыс түрлерін қаржыландырудың 2001 жылға арналған көлемі 336 965 мың теңге мөлшерінде бекітілді. 2002 жылға арналған болжамды деректер бойынша аталған жұмыстарды республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 525 000 мың теңгені құрауы тиіс, оның ішінде кеңесшілердің қызметтеріне ақы төлеуге - 150 000 мың теңге, жекешелендіру объектілерін бағалау жөніндегі қызметтерге - 93 000 мың теңге, жер учаскелерін бағалау жөніндегі қызметтерге - 10 000 мың теңге, жарнамалар мен ақпараттық хабарландыруға - 21 000 мың теңге, шаруашылық жүргізуші субъектілерді мерзімді кешенді зерттеу жөніндегі консалтингтік фирмалардың қызметтеріне - 251 000
м ы ң т е ң г е .

Жергілікті бюджеттер 2001 жылға "Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру" деген 30-бағдарлама бойынша 42 323 мың теңге, "Коммуналдық меншікке мүлік сатып алу" деген 30-бағдарлама бойынша 286 900 мың теңге, "Занды тұлғалардың акциялар сатып алу" деген 32-бағдарлама бойынша 7 000 мың теңге мөлшерінде қаржыландыруды көздеді.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асырудан мынадай нәтижелер күтіледі:

мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімді жүйесін құру;

мемлекеттік мүлікті толық және дұрыс есепке алу;

мемлекеттік мүлікті пайдаланудан мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді арттыру (акциялардың мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтер, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар шаруашылық серіктестіктердің таза табысының бөлігі және т.б.); мемлекеттік мүліктің мониторингі және оның

жай-күйін және пайдаланылуын жедел бақылау үшін жағдайлар жасау;
 мемлекеттік мүлікті басқару және оған билік ету жөнінде экономикалық негізді
 және өлшемді шешімдер қабылдау үшін ақпараттық және ұйымдық базаны құру.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2001 жылға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.13. N 1631 қаулысымен .

P/c	N!	Іс-шаралар	!Аяқтау нысаны!	Орындау үшін !	Орындау жауаптылар !	мерзімі
-----	----	------------	-----------------	----------------	----------------------	---------

1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

1.1.	Жекешелендірілген және мемлекеттің меншігіндегі объектілерді басқарудың	Нормативтік-құқықтық кесім	ҚМ ММжЖК	2001 жылдың 3-тоқсаны		
		тиімділігіне өткізуді реттейтін	мониторинг ұйымдастыруды нормативтік-			

құқықтық кесім әзірлеу

1.2.	Мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдардың (шаруашылық серіктестіктердің) басқару органдарында мемлекеттік өкілдерін (мемлекеттік қызметшілерді) іріктеудің,	Нормативтік-құқықтық кесім	ҚМ ММжЖК, Салалық министрліктер	2001 жылдың 3-тоқсаны		
		тағайындаудың өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін реттейтін	(ведомстволар), Әділетмині, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері			

құқықтық кесімді әзірлеу

1.3.	Мемлекеттік кәсіпорын. дардың бірінші басшыларын конкурстық іріктеудің, тағайындау. дың тәртібін,	Нормативтік-құқықтық кесім	ҚМ ММжЖК, Салалық министрліктер	2001 жылдың 4-тоқсаны		
			(ведомстволар), Әділетмині,			

өкілеттіктері мен
жауапкершіліктерін
реттейтін нормативтік
құқықтық кесім әзірлеу

әкімшілік-
аумақтық
бірліктердің
әкімдері

1.4. Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы
21 наурыздағы N 246
қаулысымен бекітілген
Мемлекеттік кәсіпорындар
мен мекемелердің,
мемлекет үлестік
қатысатын шаруашылық
серіктестіктердің
тізілімі туралы ережеге
өзгерістер мен

Үкімет
қаулысы

ҚМ ММЖЖК, 2001
Әділетмині, жылдың
Салалық 4-тоқсаны
министрліктер <*>
(ведомстволар),
"Ақпарат-есептеу
орталығы" РМК,
әкімшілік-
аумақтық
бірліктердің
әкімдері

толықтырулар

енгізу

туралы

1.5. Мемлекеттік мүлікті
басқарудың және
жекешелендірудің
тиімділігін арттырудың
2001-2002 жылдарға

Үкімет
қаулысы

ҚМ ММЖЖК, Әділет 2001
министрлігі, жылдың
Салалық желтоқсаны
министрліктер
(ведомстволар)

арналған бағдарламасын
іске асыру жөніндегі
2002 жылға арналған
іс-шаралар жоспарын

әзірлеу

1.6. Шаруашылық жүргізу
құқығындағы
республикалық
мемлекеттік
кәсіпорындар таза
пайдасын үлестірудің
нормативтерін

Үкімет
қаулысы

ҚМ, Әділетмині, 2001
Экономика және жылдың
сауда 2-тоқсаны
министрлігі,
Салалық
министрліктер
(ведомстволар)

белгілеудің
анықтайтын

тәртібін
нормативтік

құқықтық кесім әзірлеу

2. Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру

- 2.1. Қазақстан Республикасы. Үкіметке ҚМ ММЖЖК, 2001
ның аумағындағы және есеп беру Салалық жылдың
шетелдегі меншіктің министрліктер желтоқсаны
мемлекеттік және жеке (ведомстволар),
нысанындағы заңды әкімшілік-
тұлғалардың балансын. аумақтық
дағы мемлекеттік бірліктердің
мүлікті түгендеу өткізу әкімдері
ж ө н і н д е г і д а й ы н д ы қ
іс-шараларын өткізу
- 2.2. Уәкілетті органға Үкіметке ҚМ ММЖЖК, 2001
- акцияларының мемлекет. ақпарат Салалық жылдың
тік пакеттері мен министрліктер желтоқсаны
қатысудың мемлекеттік (ведомстволар),
үлестеріне; әкімшілік-
- мемлекеттік емес заңды аумақтық
тұлғалардың балансына бірліктердің
берілген және олардың әкімдері
ж а р ғ ы л ы қ к а п и т а л ы н а
е н г і з і л м е г е н ө з г е д е
м е м л е к е т т і к о б ь е к т і л е р г е
м е м л е к е т т і к м е н ш і к
қ ұ қ ы ғ ы с у б ь е к т і с і н і ң
ф у н к ц и я л а р ы н т і р к е у д і
өткізу
- 2.3. Ұлттық компаниялардың Үкіметке ҚМ ММЖЖК, 1, 2, 3-
қаржы-шаруашылық қызметі ақпарат Салалық тоқсанның
туралы тоқсандық және министрліктер нәтижелері
жылдық жиынтық ақпарат (ведомстволар), бойынша
беріп отыру Ұлттық есепті
компаниялардың мерзімнен
директорлар кейінгі
кеңестерінің екінші
төрағалары айдың
10 - күнінен
кешіктірмей,
4 - тоқсанның
және жылдың
нәтижелері

б о й ы н ш а
е с е п т і
к е з е ң н е н
к е й і н г і
т ө р т і н ш і
а й д ы ң 15 -
к ү н і н е н
к е ш і к т і р м е й

2.4. Мемлекеттік мүлікті Үкіметке ҚМ ММжЖК, 2001
есепке алу объектілерін есеп Салалық жылдың
жүйелеу және оларды министрліктер желтоқсаны
мынадай белгілері: (ведомстволар),
- Жарғылық қызметінің әкімшілік-
негізгі түрі; аумақтық
- Салалық тиістілігі; бірліктердің
- Жұмыс істеушілердің әкімдері

с а н ы ;
- Қаржы жағдайы бойынша

сыныптау.

2.5. Республикалық Үкіметке есеп, Салалық 2001
мемлекеттік ҚМ ММжЖК-не министрліктер жылдың
кәсіпорындардың 2002 ақпарат (ведомстволар) 4-тоқсаны
арналған жыл сайынғы
бизнес - жоспарлары мен
бюджеттерін (шығыс
сметаларын) (әкімшілік
шығыстар сметасын қоса
алғанда) қарау және

бекіту

2.6. Шаруашылық жүргізу Үкіметке есеп, МКМ
құқығындағы мемлекеттік ҚМ ММжЖК-не
кәсіпорындар таза ақпарат
пайдасының бөлігін,
сондай-ақ 2000 жылдың
нәтижелері бойынша
сметаның үстінен алынған
кірістерді тиісті
бюджеттің кірісіне

е с е п т е у д і ң ж ә н е
а у д а р ы м н ы ң у а қ ы т ы л ы ғы
м е н т о л ы қ т ы ғы н а
б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р у

2.7. Мемлекеттік кәсіпорын. Қаржы ҚМ ҚБК, ҚМ 2001
дардың қаржы-шаруашылық министрлігінің ММжЖК, жылдың қызметіне
тексеру бұйрығы, Салалық 1 шілдесі
өткізудің 2001 жылға Әкімдердің министрліктер
арналған кестесін шешімдері (ведомстволар),
өзірлеу және бекіту облыстардың,
А с т а н а м е н
А л м а т ы
қ а л а л а р ы н ы ң

әкімдері

2.8. Республикалық мемлекет. Үкіметке Салалық Жылдың
тік кәсіпорындардың есеп беру, министрліктер қорытын.
2001 жылға арналған ҚМ ММжЖК-не (ведомстволар) дылары
бизнес-жоспарлары мен ақпарат бойынша
б ю д ж е т т е р і н і ң (ш ы ғ ы с
с м е т а л а р ы н ы ң) (о н ы ң
і ш і н д е ә к і м ш і л і к
ш ы ғ ы с т а р с м е т а л а р ы н
қ о с а а л ғ а н д а)
о р ы н д а л у ы н а б а қ ы л а у д ы

жүзеге асыру

2.9. Мемлекеттік кәсіпорын. Үкіметке есеп, Салалық Жарты
дар қызметіне талдау ҚМ ММжЖК-не министрліктер жылдық,
өткізудің бекітілген (ведомстволар), жыл
ережесіне сәйкес әкімшілік- аяқтал.
ақпарат аумақтық ғаннан
жылдың, жарты жылдықтың бірліктердің кейін
нәтижелері бойынша әкімдері 45 күн
мемлекеттік кәсіпорын. ішінде

д а р д ы ң қ а р ж ы - ш а р у а ш ы л ы қ

қызметіне талдау өткізу

2.10. Директорлар кеңестеріне ҚМ ММжЖК-нің ҚМ ММжЖК, 2001
уәкілетті органдар және бұйрығы Салалық жылдың
мемлекеттік басқару Әкімдер шешімі министрліктер, 3-тоқсаны

органдарының өкілдері	әкімшілік-
міндетті қатысатын	аумақтық
акционерлік қоғамдардың	бірліктердің
тізбесін анықтау	әкімдері
2.11. Акцияларының мемлекеттік ҚМ ММжЖК-нің	ҚМ ММжЖК, 2001
пакеттері басқару бұйрығы,	Салалық жылдың
мемлекеттік емес заңды Әкімдердің	министрліктер 3-тоқсаны
және жеке тұлғаларға шешімдері	(ведомстволар),
сенімгерлік басқаруға	әкімшілік-
берілуі мүмкін	аумақтық
акционерлік қоғамдардың	бірліктердің
тізбесін анықтау	әкімдері
2.12. Акцияларының мемлекеттік Үкіметке	ҚМ ММжЖК, Жыл
пакеті мемлекетке ақпарат	ҚМ ҚБҚ, Салалық ішінде
тиесілі акционерлік	министрліктер
қоғамдардың Директорлар	(ведомстволар),
кеңестеріне және тексеру	әкімшілік-
комиссияларының	аумақтық
құрамдарына мемлекеттік	бірліктердің
басқару органдарының	әкімдері
өкілдерін	тағайындауды
ұйымдастыру	
2.13. Қолданыстағы заңнама ҚМ ММжЖК-не	Салалық 2001
талаптарына сәйкес ақпарат,	министрліктер жылдың
акцияларының мемлекеттік Үкіметке есеп	(ведомстволар),1-жарты.
пакеттері мемлекетке	басқарушы жылдығы
тиесілі акционерлік	компаниялар,
қоғамдардың 2000 жылдың	ҚМ ММжЖК
нәтижелері бойынша	
акционерлердің жылдық	
жалпы жиналыстарын	
өткізудің кестесін	
қалыптастыру	
2.14. 2000 жылдың нәтижелері ҚМ ММжЖК-не МКМ,	Жарты жылда
бойынша акциялардың ақпарат,	ҚМ ҚБҚ, Салалық 1 рет
мемлекеттік пакеттеріне Үкіметке	министрліктер
дивидендтерді және есеп	(ведомстволар),
мемлекеттің қатысумен	басқарушы
шаруашылық серіктестік.	компаниялар,

тердің таза пайдасының	әкімшілік-
бөлігін тиісті бюджеттің	аумақтық
кірісіне есептеудің	бірліктердің
және аударымының	әкімдері

у а қ ы т ы л ы ғ ы н а	ж ә н е
т о л ы қ т ы л ы ғ ы н а	б а қ ы л а у д ы

жүзеге асыру

2.15. Ұлттық компаниялардың	ҚМ ММжЖК-не	Салалық	2001 жылдың
2002 жылға арналған	ақпарат,	министрліктер	4-тоқсаны
жылдық бизнес-жоспарла.	Үкіметке	(ведомстволар),	
рын және бюджеттерін	есеп	ұлттық	
(әкімшілік шығыстар		компаниялардың	
сметаларын қоса алғанда)		Директорлар	
қарау және бекіту		кеңестері, ҚМ,	
		ә к і м ш і л і к -	
		а у м а қ т ы қ	
		б і р л і к т е р д і н	

әкімдері

2.16. Мемлекеттік меншік	ҚМ ММжЖК-не	ҚМ ММжЖК,	Тоқсан
объектілерін, оның	ақпарат,	Салалық	сайын
ішінде мемлекеттік	Үкіметке	министрліктер	
кәсіпорындардың мүлкін	есеп	(ведомстволар),	
мүліктік жалға (жалдауға)		әкімшілік-	
берудің мониторингін		аумақтық	
өткізуді қамтамасыз ету		бірліктердің	

әкімдері

3. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру

3.1. "2000-2001 жылдары	ҚМ ММжЖК-не	ҚМ ММжЖК, ТМР БҚ 2001	
жекешелендіруге жататын	ақпарат,	ж ШКҚА, Салалық	жылдың
республикалық мемлекет.	Үкіметке	министрліктер	соңына
тік кәсіпорындар мен	есеп	(ведомстволар)	дейін

мекемелердің тізбесі

туралы " Қазақстан

Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 17 маусымдағы

N 912 қаулысына сәйкес

республикалық мемлекеттік

кәсіпорындардың

акционерлеуін аяқтау

3.2. 2002 жылы жекешелендіруге Үкімет ҚМ ММжЖК, 2001
жатаын республикалық қаулысы Салалық жылдың
мемлекеттік кәсіпорындар. министрліктер 4-тоқсаны
дың тізбесін анықтау (ведомстволар)

3.3. Қолданыстағы заңнамаға ҚМ ММжЖК-не Салалық Жыл
сәйкес жекешелендіруге ақпарат министрліктер ішінде
жатаын мемлекеттің беру (ведомстволар)
қ а т ы с у ы м е н з а ң д ы
т ұ л ғ а л а р д ы ң ж е к е ш е л е н д і .
р у г е д е й і н г і д а й ы н д ы ғ ы н

қамтамасыз ету

3.4. 2001 жылы жекешелендіруге Үкіметке ҚМ ММжЖК, Тоқсан
жатаын мемлекеттік ақпарат әкімшілік- сайын
меншік объектілерінің аумақтық
сатылуын қамтамасыз ету бірліктердің
әкімдері

4. Жекешелендіруден кейінгі бақылауды жүзеге асыру

4.1. Мемлекеттік меншік Үкіметке ҚМ ММжЖК, Жыл
объектілерін сатып есеп әкімшілік- ішінде
алушылардың және сенімді аумақтық
басқарушылардың бірліктердің
(концессияшылардың, әкімдері
жалгерлердің) келісім -
шарттық міндеттемелерін
(қолданылып жүрген
келісім-шарттар бойынша)
орындауына тексеруді

жүзеге асыру

4.2. Шаруашылық ететін Үкіметке ҚМ ММжЖК Есепті
субъектілердің басқару есеп жарты.
тиімділігін консалтингтік жылдықтан
ұйымдардың зерттеуін кейінгі
ұйымдастыру және екінші
зерттеудің нәтижелері күнінен
бойынша шаралар қабылдау кешіктірмей

4.3. Сатып алушылармен және Үкіметке ҚМ ММжЖК Жыл ішінде
сатып алу-сату келісім- ақпарат
шарттарының орындалуын
бақылау жөніндегі

в е д о м с т в о а р а л ы қ
к о м и с с и я м е н к е л і с і м
б о й ы н ш а ж е к е л е г е н
е р е ж е л е р і н н а қ т ы л а у
ж ә н е т ү з е т у ма қ с а т ы м е н
с а т ы п а л у - с а т у к е л і с і м -
ш а р т т а р ы б о й ы н ш а қ о с ы м ш а
к е л і с і м д е р ә з і р л е у

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК